

Әл-жұрт «Біздің қызымыз» деп  
тегіс еркелеткен Алмагүл тірі болса, 7 тамыз  
күні 35 жасқа толушы еді.

Ж.СӘДУАҚАС



Алмагүлдің анасы Райхан және кіші қызы Инжу



Сахна көрінісі

# «Қазақтың жері аламан, қазақтың қызы төлімді...»



жіберші» деді. Бұл – Алмагүл апайдың шығарған алғашқы әні еді. «Әулікөлдің жағасына барсаңдар, сазгер болып қайтасыңдар» деп, күлдірген болатын. Одан кейін ондаған өн шығарды ғой,- деп, бірде мұнайып, бірде жадырап Ерболат бауырымыз іште жатқан талай сырын ақтарды.

Бағдат Әлекбаев пен шәкірті Мейірбек сөз додасына түсіп, Алмагүл ақынға көше атын беру керек деген ұсыныс айтты.

Алмагүл ақын:

**Алақаның мамық, нұр,  
Мейірімнің бесігі.**

**Табаныңның астында  
Пейіш дүние есігі,** - деп ана-сы жайлы махаббатпен жыр-



**Кешке қатысушылар**

**- Ақ туы желбіреп арымның,  
Періште боп кетсем**

**ақ қанат!**

**Көк тәңір қолдайды?**

**Сағым күн...**

**Қызыңыз, иә, бәлкім, бақ табад?! -** деп жырлаған ақын қыз өткен күзде жол апатына ұшырап, өзі айтқандай, ақ қанат періштеге айналып кете барды. Өмірі ерте үзілгенімен, соңында мөлдіреген өлеңдері, сезімді селт еткізер әндері, марқұмды жадында сақтайтын қалың қауым, әріптестері қалды. Сол әріптестерінің ұйымдастыруымен «Атамұра» мәдениет орталығында туған күніне орай ақын Алмагүл Жүгінісованы еске алу кеші өткізілді.

Алмагүлдің «Қазақтың жері ғаламат» әнімен басталған кеште сөз алған «Атамұра» мәдени орталығы директоры Нұрсұлу Төлеубаева: «Көңіліміз,

әріне, қаяулы. Қайғырғанмен, өлген адам қайтып келмейтіні тағы белгілі. Бүгін Алмагүлдің туған күні ғой. Ендеше, ақын қызбен бірге болған жарқын күндер жайлы көбірек айтайық, көңілге демеу өңгіме қозғайық», - деді. Осыдан соң естеліктер тиегі ағытылды. Жазушы Жұмағали Қоғабай, журналист Жассерік Сәдуақас, әнші Жомарт Қабікенов Алмагүлдің жан сұлулығы, артында қалған мол мұрасының құндылығын сөз етті. Алмагүл ерте кемелденді, ақындық қуатына келіп, бойындағы буырқанған өлеңді жазып үлгеріп кетті. Ақын үшін - бұл бақыт», - деді Жассерік Жәлелұлы сөз арасында.

Иә, Алмагүл жанұшырып жүріп бәріне үлгерді. Әдеби орта айрықша бағалаған «Ұлбике» поэмасын жазды, «Алма гүлдегенде» атты кітабын шығарды, айтыста өз

қолтаңбасын, ізін қалдырып, мықты-мықты шәкірт тәрбиелеп, бұлақ көзін аша білді. Келешегінен көп үміт күттіретін Ерболат Әміре мен Еламан Төлеутайды ел-жұрт «Алмагүлдің шәкірттері» деп таниды, қос жүйрік мұны мақтан етеді. Еске алу кешіндегі ең әсерлі, ең татымды естелікті де Ерболат пен Еламан айтты.

- Мұшайрадан олжалы оралсақ, ең алдымен қуанышымызды ұстазымызбен бөлісуші едік. Сондайда Алмагүл апай: «Менің шәкірттерім мықты» деп шаттанатын. Ал, жұлдеге ілікпесек, «Бәрін сендер ала берсеңдер, асып-тасып кетесіңдер, ештеңе етпейді» деп, өзілдеуші еді. Бір жолы түн ішінде қоңырау шалып, «Әулікөлдің жағасындағы...» деп басталатын «Егіз аққу-қос сезім» әнінің мәтінін таба алмай отырмын, сенде болса,

Еламан да шешіле сөйледі. «Алмагүл апай мен үшін сұлулық эталоны болды», дей келе тырнақалды өлеңдерін талдағанда әрдайым жігерлендіріп, «Біздің Еламан - романтик» деп, арқаға қаққанын сүйіспеншілікпен айтты. Бұдан соң, Ерболат пен Еламан өлең оқыды.

Алмагүл Жүгінісова жайлы сөз қозғалса, айтыс өнері жайлы айтпау мүмкін емес. Сахнаға көтерілген айтыскер ақын

лап еді. Кеш барысында жарық жұлдыздай жарқ еткен ақын қыздың анасы Райхан апайға құрмет көрсетілді.

Елін елжірей сүйген Алмагүл: «Қазақтың жері ғаламат, қазақтың қызы төлімді...» деп өуезді даусымен әдемі әнін айтушы еді. Аманат сөзі секілді екен, ел мен жердің, қазақ баласының қадіріне біз де жете білейік.

**Суреттерді түсірген:  
В.Фадеев**



**Алмагүлдің шәкірттері: Еламан мен Ерболат**